

Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының «ЖИТС-тің алдан алу және оған қарсы күрес жөніндегі орталық» МКҚК –да жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау анықтамасын жария талқылау хаттамасы

Шымкент қаласы

№

21.05.2025 жылы

Төрағалық етуші: Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының «ЖИТС-тің алдан алу және оған қарсы күрес жөніндегі орталық» МКҚК бас дәрігері Б.Сырбек.

Қатысқандар: Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының «ЖИТС-тің алдан алу және оған қарсы күрес жөніндегі орталық» МКҚК-ның жұмыс тобының мүшелері.

Күн тәртібінде:

1. Шымкент қаласының ДСБ «ЖИТС-тің алдан алу және оған қарсы күрес жөніндегі орталық» МКҚК-да жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау анықтамасын жария талқылау.

Б.Сырбек: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-Заңына, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына» және Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының ЖИТС орталығы бас дәрігерінің 2025 жылғы 11 сәуірдегі №71 бұйрығымен жұмысшы тобы құрылып, онда Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының ЖИТС- орталығында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мақсатында ішкі талдау жүргізу кестесі бекітілді. Ішкі талдау жүргізу кестесіне сәйкес, 01.04.2024-11.04.2025 жылдар аралығы кезеңінде орталықтың бөлімдерінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне 14.04.2025-26.05.2025 жж аралығында анықтау амалдары жүргізіліп, талдау анықтамасының жобасы әзірленгендігін баяндады.

Сондай-ақ, Б.Сырбек Шымкент қаласының ДСБ ЖИТС орталығында жүргізілген ішкі талдаудың бағыттарын, сипаттамасы және нәтижелері туралы айтып өтті.

И.Мухитдинов: ішкі талдаумен анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін және оларды жою туралы ұсынымдарды баяндады.

Шымкент қаласының ДСБ ЖИТС орталығында жұмыс тобының мүшелеріне ішкі талдаумен анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін және оларды жою туралы ұсынымдарды тыңдай келе сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша ешқандай қосып-аларлары мен ұсыныс-пікірлері жоқтығын айта отырып, оң бағасын берді.

Жиналыс қорытындысы бойынша келесі тапсырмалар берілді.

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің қорытынды анықтамасының көшірмесін жұмыс тобының мүшелеріне таратылсын.

2. Жыл сайын сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері жұмыс тобының мүшелерінің назарына талқылау үшін ұсынылып отырсын.

Жиналыс төрағасы

Комплаенс қызметкер



Б. Сырбек

И. Мухитдинов